

ӘОЖ 347.782

GTAMP 14.07.09

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.77.2.009>

КӨРКЕМ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ЗАМАНАУИ ТРЕНДТІК БАҒЫТТАҒЫ ТУЫНДЫЛАР

*Рустемова С.И.¹, Ералин Қ.Е.², Небесаева Ж.О.³

*^{1,2,3}Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті, Шымкент, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы заманауи өнер түрімен айналысатын суретшілердің туындылары мен техникасы туралы көркемдік талдаулар берілген. Заманауи өнердің трендтік бағыттары инсталляция, перфоманс, энвайронмент өнері көрсетілген және олардың өзіндік айырмашылықтары мен жаңашылдығы жағынан талдау жасалынған. Зерттеудің мақсаты болашақ бейнелеу өнері мамандарын жаңа трендтік бағытта жұмыс жасайтын суретшілермен таныстыру жолдарын анықтау, олардың шығармашылығын оқу контенті ретінде тану болған. Мақалада зерттеу әдістері: заманауи трендтік бағыттарды талдау; инсталляция, перфоманс, энвайронмент атты трендтік бағыттарындағы ерекшеліктері, жаңашылдығы және айырмашылығы ашып көрсетілді; жаңа бағыттарды оқу контенті ретінде талдау жасалып, жіктеп даярланды. «Заманауи өнер» атты элективті курс бағдарламасында перфоманс, инсталляция, энвайронменттің көркемдік талдаулар туралы тақырыптар жасалды. Бағдарлама үш блоктан құрастырылды. Бағдарламаға байланысты студенттерден сұрақтарға жауап алынды және «талдау жаттығулары» орындалды. Заманауи бейнелеу өнері бағытында жұмыс жасайтын суретшілердің шығармашылық жұмыстары қарастырылды. Әр суретшінің бейнелеу өнерінде өзіндік стилі мен бағыт болатыны негізделген. Бейнелеу өнеріндегі жаңа трендтер суретшінің өзіндік қолтаңбасы мен ойын жеткізу құралы ретінде танылған. Заманауи бейнелеу өнерінің дамуы мен оның инсталляция, перфоманс, энвайронмент бағытындағы жасалынған шығармашылық жұмыстарына көркемдік талдау жасалған. Осы аталған заманауи бейнелеу өнер түрлерінің ерекшелігі, оның материал мен техниканы таңдамайтындығы көрсетілген. Қазақстандық суретшілердің заманауи бейнелеу өнер жолын таңдап, Республикалық және Халықаралық деңгейдегі көрмелерге қатысу сипаты сарапталған. Заманауи өнерінің жаңашылдығы әлемдік деңгейдегі мәселелерді батыл ашып көрсете алуы, адамға тек көру қабілетімен ғана емес, есту және есте сақтау арқылы әсер ету мүмкіндіктері ашылып көрсетті.

Тірек сөздер: заманауи трендтік бағыттар, заманауи бейнелеу өнері, инсталляция, перфоманс, энвайронмент, көркемдік білім, көркемдік талдау, көркемдік үдеріс

Кіріспе

Кез келген «заманауи» деген түсінік не уақыт, не кеңістіктік мағынадағы бір ұғым емес. Заманауи деген сөз көп қарқынды тек күнтізбелік мағынада емес, сонымен қатар заманауи дәуірлік және постмодернді алмастырып, біздің қазіргі уақытты және хронологиялық тұрғыдан келесі заманауилықты білдіреді. [1,2]. Қазақстанның заманауи өнері өте өзекті тақырып өйткені ол алуан түрлі мәдениеттерді көрсетіп қана қоймай, елдің салт-дәстүрін және тарихын бейнелейді. Әлемнің көп бөлігі қиын және бұрын соңды болмаған уақытта өмір сүреді. Біз кездестіретін мәселелер жергілікті, аймақтық, ұлттық және жаһандық шекаралар мен арналарға әсер етеді. [2,157]. Өнер – бұл ақиқат пен тәжірибені білдіру тәсілі, бірақ сонымен қатар жергілікті мәдени кодтарды қайта құру формасы болады. Ол эстетикалық құндылықты алуға мүмкіндік береді, жергілікті жер ең алдымен жоба ретінде көрме кеңістігінде қарастырылады [3,57]. Бұл тақырыптың өзектілігі маңызды әлеуметтік және саяси мәселелерді жаңа формалар мен техникаларды эксперименттеу арқылы суретші өзінің жеке қолтаңбасын көркемдік тіл заманауи өнер арқылы көрсете алады. Қазақстан суретшілері әлемдік көрермендерді назар аударту үшін Халықаралық көрмелерде және жобаларда белсенді қатысып келеді. Қазақстандағы заманауи өнері тақырыбы ел ішінде де, одан тыс жерлерде де талқылау үшін маңызды және өзекті болып қала береді. Қазіргі Қазақстанның өнерінде бірнеше негізгі маңызды үрдістерді бөліп көрсетуге болады:

Қазіргі уақытта Қазақстанның заманауи өнерін дамуына үлес қосып келе жатқан суретшілер: Сауле Сулейменова, Алмагуль Менлибаева, «Қызыл трактор» тобы, Молдакул Нарымбетов, Тотан Күзембаев, Асхат Ахмедьяров, Алмас Калыков және т.б. Бұл суретшілердің барлығы дерлік Кеңес заманында білім беру мекемелерінде академиялық кескіндемені оқығанына қарамастан, олар ресми өнер принциптеріне сыни көзқараспен қарады. Бұл суретшілер тобы қазіргі уақытта Қазақстанның заманауи өнерін дамытуға үлкен үлес қосуда. Олар тек Қазақстанда ғана емес шет елдерде де көрмелер жасап келеді.

Қазіргі уақытта көрме кураторлары мен өнер сыншылары Қазақстан өнерінің озықтығын Халықаралық деңгейде мойынсынуда. Олар дәстүрлі өнер түрлері мен заманауи техникалар арасындағы байланысының маңыздылығын атап көрсетеді, сонымен қатар әлеуметтік маңызды тақырыптарды талқылаудағы өнердің рөліне назар аударады. Қазақстандық өнердің әлемдік арт-сахнада өзінің бірегей стилі бар екенін мойындайды. Көптеген суретшілер жаһандық мәдени ағымдармен белсенді қарым-қатынас жасай отырып, өз түп-тамырларын зерттеуге ұмтылатынын атап көрсетеді.

Заманауи бағытта жұмыс жасайтын суретшілердің жалпы мақсаты Кеңес заманындағы идеологиялық шеңберден тыс жаңа бағыттағы жаңа көркемдік туындыларды қалыптастыруды көздейді. Егер көркемдік бағыт жағынан қарасақ өнертанушы Валерия Ибраева келесі сөздерді жазды: «Суретшілердің көпшілігі мемлекеттік кәсіби бірлестіктен – Қазақстан

Суретшілер Одағынан тұрмаған суретшілер эстетикалық-технологиялық революция жасай алды, оның салдары ел үшін жаңа өнер түрін жасау ғана емес, сонымен қатар мәдени оқшауланудың ғасырлық жүйесін бұзу болды. Олардың көпшілігі нақты сипаттағы әлемдік өнер үдерісі туралы нақты ақпарат болған жоқ, сондықтан көбінесе олар өздерінің эксперименталды тәжірибелеріне жүгінді». [4]. Суретшілердің әрқайсысы, қандай да бір дәрежеде, жаһандану әлеміндегі Қазақстанның ұлттық тарихы мен жағдайы контекстінде өзін және өзінің өзгешелігін түсіну мәселелерімен айналысады.

Материалдар мен әдістер

Заманауи бейнелеу өнері шығармашылық құнды тапсырманы іздеуді, мәселені шешу үшін идеяларды құруды, көбінесе мақсаттарды қайта ойластыруды немесе өзгертуді, ең жақсы идеяларды бағалауды және таңдауды соңында аудиторияға түсінікті болатын өнімге немесе өнімділікке осы идеяларды енгізуді талап етеді [5,377].

Бейнелеу өнерін көркемдік талдаудан бұрын біз қазақ елінің өнері қандай? Ол қандай мағына білдіргісі келеді? Ол қандай бағытта қалыптасып келеді? деген мәселелерді зерттеу қажеттігі туындайды. Ә.Қастеев атындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік өнер мұражайының ғылыми хатшысы, өнертану ғылымдарының кандидаты Е.И.Резникованың пікірінше қазіргі заманғы өнердің ерекшелігі оның синтетикалық табиғатында. Көркемдік үдерісте көпұлттың, көп мәдениеттіліктің өзекті тақырыптары мультимедиаылықтың жаһандық тілі арқылы жүзеге асырылады. Бұл Борис Гройс термині бір шығармадағы кеңістікте әртүрлі медианы пайдалану фактісін білдіреді. Заманауи өнер жаңа технологияларсыз болуы мүмкін емес: видео, компьютер, фотоарт, мәтін және басқа да медиа, шексіз мүмкіндіктерге ие және дәстүрлі өнерге қарағанда өзекті болып табылатын өнер.

Көркем білім беру үдерісінде заманауи трендтік бағыттарды талдауда оқытушы сабақта бірінші салыстырмалы әдіс қолданылды. Мұнда оқытушы инсталляция, перфоманс, энвайронментті бір-бірімен салыстыра отырып талдау жасап, әрбір бағыттың өзіндік ерекшелігі мен айырмашылығын атап өтілді. Дедукция және синтез әдісі заманауи бейнелеу өнері шығармаларын тиімді талдауда қолданды. Мұнда оқытушы жалпы білімге сүйене отырып, инсталляция, перфоманс, энвайронменттің заманауи бейнелеу өнерге тән белгілері мен идеясы студенттерге айтып өтті. Сосын суретшілер Молдакул Нарымбетовтың, Калыков Алмастың, Ахмедьяров Асхаттың, Сулейменова Сауленің заманауи бағытта жасалған басқа да туындылармен салыстырылды. Бейнелеу өнері туындылардың сипаттамалары заманауи бейнелеу өнеріне сәйкес келетініне көз жеткіздік. Синтез әдісі бойынша инсталляция, перфоманс, энвайронменттің жеке элементтері шығарма атауы, идеясы, түс, композиция, жасалу технологиясы, перспективасы, шығармадағы жарық пен көлеңке құбылысы, шығарма сипаттамасы, шығарманың даралық сипаты немесе қайталанбастығы қарастырылды.

Бұл элементтер мен көркемдік әдістер арқылы өнердің көркемдік мәні эмоционалды әсері мен бағыты тұтас қабылдау қалыптасады. Эмпирикалық әдісте студенттерге төмендегі бес сұрақтан тұратын сауалнама қойылды және осы дайындалған сұрақтар бойынша оқытушы бақылау жүргізді. Студенттер қаншалықты осы сауалнамаға жауап бергенін көрді. Холистикалық талдау әдісі бойынша заманауи бейнелеу өнері туындылары тұтас өзара байланысы, эмоционалды әсерімен мәдени маңыздылығын қарастырылды.

Жоғары оқу орындарының ішінде эксперимент Шымкент қаласындағы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің 1 және 2 курс студенттер үшін үш кезең бойынша ұйымдастырылып өтті. «Заманауи өнер» атты элективті курс эксперименттің бірінші кезеңінде оқытушы заманауи трендік бағыттар туралы ешнәрсе түсіндірместен тек «Қызыл трактор» арт топтың «Тазалану» атты перфомансы, суретші Молдакул Нарымбетовтың «Скарабей қоңызы», «Бал балдар», «Қара періште» инсталляциялары, сәулетші Тотан Күзембаевтың «Шошала» инсталляциясы, суретші Калыков Алмастың «Торсық», «Тұмар», «Қылқаламдар», «Домбыра» энвайронменттері, суретші Асхат Ахмедьяров, «Тамыр жүйесі» инсталляциясы көрсетілді. Сосын 5 сұрақтан құралған сауалнамаға 85 студенттерден жауап алынды. Сауалнама мынандай сұрақтардан құралды: 1. Заманауи бейнелеу өнерінің трендтері қандай? 2. Инсталляция дегеніміз не және оның ерекшелігі? 3. Перфоманс дегеніміз не және оның ерекшелігі? 4. Энвайронмент дегеніміз не және оның ерекшелігі? 5. Заманауи бейнелеу өнерінің дәстүрлі бейнелеу өнерінен айырмашылығы? Сауалнама бойынша композициялық шешімі 0,1 студент төмен, түстік шешімі бойынша 0,3 студент, идеяны ашу бойынша 0,1 студент, орындау шеберлігі бойынша 0,2 төмен жауап берді. Эксперименттің үшінші кезеңінде оқытушы заманауи трендік бағыттағы инсталляция, перфоманс, энвайронмент туындыларды слайд түрінде және видео түрінде жасап түсіндіріп берді. Содан қайтадан осы бес сұрақтар студенттерге берілді. Сонда студенттер осы сұрақтарға жақсы жауап берді. Сауалнама бойынша композициялық шешімі бойынша 0,8 студенттер жоғары, түстік шешімі бойынша 0,9 идеяны ашу бойынша 0,7 орындау шеберлігі 0,8 жоғары жауап берді.

Кесте 1 - Көрсеткіш

№№	Көркемдік өлшемдер	Алғашқы көрсеткіш			Соңғы көрсеткіш			
		Төмен	Орта	Жоғары	Төмен	Орта	Жоғары	
1	1	Композиция-лық шешім	0,1	0,3	0,6	0,2	0,5	0,8
2	2	Түстік шешімі	0,3	0,4	0,5	0,3	0,7	0,9
3	3	Идеяны ашу	0,1	0,4	0,6	0,3	0,6	0,7
4	4	О р ы н д а у шеберлігі	0,2	0,5	0,7	0,2	0,6	0,8

Лекциялық сабақ барысында заманауи трендік бағыттардың ішінде перфоманс, инсталляция, энвайронментті талдау туралы пікірталас және ол осы кестелер бойынша жүргізіліп түсіндірілді.

Талқылау және нәтижелер

Қазақстанның бейнелеу өнеріндегі заманауи трендік инсталляция, перфоманс, энвайронмент бағыттарының көркемдік ерекшеліктері негізделді. Заманауи бейнелеу өнерінің анықтамаларына сипаттама берудің және өнертанымдық педагогикалық негіздері анықталды. «Заманауи өнер» атты элективті курс бағдарламасы жасалды. Элективті курс бағдарламасы кәсіби стандарттарға сәйкес <https://career.enbek.kz/ru/professionalstandart/255> нормативтік құжаттармен негізделеді. Бағдарлама үш блоктан құрастырылды.

Бірінші блокта «Бейнелеу өнеріндегі инновациялық бағыттар» тақырыбы алынды, заманауи бейнелеу өнердің трендтері перфоманс, инсталляция, энвайронментке талдау жүргізілді.

Бейнелеу өнері трендтерінің әдістемелік көркемдік өлшемдері: перфоманс шығармаларының идеясы белгілі бір жерде және уақытта суретшінің немесе топтың іс-әрекетін құрайтын бір мәселені театрлық-көркемдік қойылым жанры арқылы көрсетеді. Перфоманстың композициясы динамикалық қимыл іс-әрекеттерімен көрсетеді және сол іс-әрекеттерді арнайы дыбыстармен немесе дыбыссыз көрсетеді. Перфоманстың орындалу техникасы спектакль, театр, би, музыка, цирк қойылымдары ретінде көрсетіледі. Түстік шешімі жағынан перфоманс өнерінде әр түрлі табиғи немесе табиғи емес түстер қолданылады.

Инсталляция идеясы кез келген материалдан жасалатын және кеңістікте орналастырып, халықты таң қалдыру мақсатында көрсетіледі. Инсталляция композициясы кеңістіктікте орналасады және көркемдік тұтастық болып табылатын заманауи өнер түрі. Инсталляция символдық функцияға ие болып, өзінің практикалық функциясынан босатылады. Инсталляцияда әр түрлі табиғи немесе табиғи емес колоритте жасалады. Инсталляция әртүрлі табиғи материалдардан, өнеркәсіптік және тұрмыстық заттардан, мәтіндік және көрнекі ақпарат фрагменттерінен жасалады.

Энвайронмент - табиғаттың элементтерін қолдану арқылы белгілі бір саяси немесе адамзаттың проблемасын өнер арқылы көркемдеп көрсете алады. Энвайронмент көбінесе табиғи түстерден жасалады. Энвайронмент өнері әртүрлі табиғи материалдарды қолдану арқылы жасалады. Ол фактура және текстура бойынша әртүрлі бола алады. Энвайронменттің композициялық шешімі белгілі бір жазықтықта статикалық сипатта болатын нысан.

Заманауи бейнелеу өнері трендтерінің айырмашылықтары: перфоманста төрт негізгі элементті қамтитын уақыт, орын, суретшінің денесі және суретші мен көрерменнің арасындағы қарым-қатынасты жатқызуға болады. Перфоманста іс-қимыл немесе би секілді әрекеттер арқылы белгілі бір мәселені қозғауға немесе білдіруге тырысады. Инсталляцияда

суретшінің немесе бір топ адамдардың өзі қатысуынсыз тек нысанның өзі статикалық немесе динамикалық қалпында көлемді болады. Энвайронмент өнерінде белгілі бір жазықтықта немесе кеңістікте табиғаттың элементтерін қосып көлемді өнер жасалады.

Заманауи бейнелеу өнер трендтерінің жаңашылдығы: перфоманс қазіргі уақытта өзекті өнер түрі, өйткені бұл өнер түрі көрермендерге идеямен және эмоциямен бөлісуді мүмкіндік береді. Бұл өнер түрі өзін өзі көрсету тәсілі немесе белгілі бір мәліметті жеткізіп және әлеуметтік проблемалармен қиындықтарды назар аудартуға көмектеседі. Осылайша перфоманс коммуникацияның маңызды құралдардың бірі болып табылады. Инсталляция суретшілерге кеңістікпен жұмыс жасауды және көрермендермен жаңа форматта қарым қатынас орнатып, көрермендерді өнер туындыларына ендіре алады. Инсталляциялар әртүрлі шығармашылық тәсілдерге және эксперименттерге ашық, суретшілер инсталляция арқылы даралық және өзіндік ерекшелікті көрсете алады. Энвайронмент өнері табиғаттың материалдарын негізге ала отырып, мүсін және инсталляция секілді өнер туындысы және ол көрерменге қол жетімді және сан алуан түрлі пішінде болып келеді.

Екінші блокта «Жаңа шығармашылық бағытындағы суретші қызметі» атты блокта мына тақырыптар қарастырылды. Онда суретшілер М.Нарымбетов, А.Калыков, А.Ахмедьяров, С.Сулейменова, сәулетші Т.Күзембаев «Қызыл трактор» арттобының шығармашылығы қарастырылды. Мұнда суретшілердің «Скарабей қоңызы», «Бал балдар», «Шошала», «Тамыр жүйесі», «Желтоқсан. Қазақ жастарының өрлеуі. Желтоқсан 1986 жыл», «Қалдық естелік» атты инсталляциялары «Торсық», «Тұмар», «Қылқаламдар», «Домбыра» атты энвайронменттері және «Тазалану» атты перфомансы қарастырылды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қойылған перфоманстар қоғамдық пікірді дүр сілкіндірді: олар көбінесе деструктивті, бұл қимылдар баспасөзде «кір, қан және жыныс мүшелері» ретінде сипатталды. Қазақстанның Оңтүстік өңірінен шыққан заманауи өнерін дамытып келе жатқан «Қызыл трактор» деп аталатын суретшілер тобы шындықты айтатын бақсылар тобын құрды. Топ 10 жылдай өмір сүрді, содан соң ол топтағы әр суретші жеке шығармашылықпен айналысты. Осы сенімді бейненің астында жұмыс істей отырып, топ «Бригадир бағы» (1997), «Жол» (1998), «Шекара» (2003) сияқты перфоманстерде өте қатал сөздер айтуға мүмкіндік берді. Топ мүшелерінің жеке шығармашылығында ауыл өмірінің шындығына қатысу - Қазақстанның қазіргі заманғы өнерінде сирек кездесетін құбылыс байланыстырады.

ЖОО лекция сабақтарында «Қызыл трактор» тобының суретшілері космополитизм тақырыбында өнер туындыларына талдау жасалды. Космополитизм дегеніміз латын сөзінен аударғанда ғалам немесе азамат деген мағынаны білдіреді. Бөлек ұлттың немесе мемлекеттің мүддесінен бүкіл адамзаттың мүддесін жоғары қоятын дүниежүзілік азаматтық идеологиясы және адамды жердің еркін тұрғыны ретінде қарастырады. Олардың шығармашылық туындылары көбінесе перфоманс пен

инсталляциядан тұрды, жұмыстарының пішіні бойынша «тым ұлттық» деп саналды. Бірақ олардың өнер туындылары батыстың өнер саудасында жақсы сұранысқа ие болды. Сонымен қатар олар шаманизм эстетикасына да бет бұрды. Мұның артында классикалық авангардтың тәжірибесі жасырылғаны назар аудартады. Суретшілер өз жұмыстарында тері, жүн, ағаш және тағы басқа дәстүрлі материалдарды қолданып және перформанста өздері жасаған ұлттық музыка аспаптарында домбыра, қобыз, барабанда ойнады.




Сурет 1- «Қызыл трактор» арт топтың перформансы «Тазалану»

Бұл топтың аты әйгілі жасаған перформанстың бірі «Тазалану» деп аталды, осы перформанстың бейнебаянын сілтеме бойынша кіріп көруге болады. Focus Kazakhstan | Third show of Focus Kazakhstan is open in the US! Thinking Collections: Telling Tales: an unprecedented survey exhibition of legendary... | Instagram Бұл перформанста төрт суретші қатысты, соның біреуі түрлі түсті шапан киген қолында киіз ұстап астында тұрған дөңгелек үстелді қамшымен ұрып, екіншісі адыраспандап, үшіншісі «су» деп сөйлеп айналып жүр. Перформанста ерекше тылсым күш сезіледі, яғни біздің ата бабаларымыз шаманизммен айналысып адам бойынан барлық қара дуаны немесе сиқырды кетіруге тырысқаны сөзсіз. Бұл қазақ халқының көне заманынан келе жатқан тіл көзден және жаман дуадан сенімі болып кеткендей. Сондықтан «Қызыл трактор» тобы осындай рухани бағытта перформанстарды көрсетіп келеді.

Қазақстанның заманауи өнерінің дамуының бірінші қадамдары социалистік реализмнің қатып қалған жүйесін жою және жаңа идеяларды іздеу үшін өлі кескіндеме бейнелері суретшінің тірі әрекетімен яғни қозғалыспен ауыстырылды. Молдакул Қазақстанда өз мүсіндерін жасау үшін пайдаланылған автошиналарды көркем материал ретінде пайдаланудың инновациялық әдісін ашқан суретші болды. Кесілген, дәнекерлеу шамымен

өңделген және ағаш немесе металл жақтауларға бекітілген протекторлар түпнұсқа және мәнерлі мүсіндік композицияларға нысандарға айналады.

«Қызыл-трактор» арт-топтың негізін қалаушысы Молдакул Нарымбетов болғаны лекциялық сабақта айтылды. Ол жарқын даралығымен батыл мінезімен ерекшеленіп, бұл оған қазірдің өзінде қалыптасқан суретшіге креативті көркемдік формаларды батыл игеруге мүмкіндік берді. Оның мифтік шығармашылығы формасы жағынан архаикалық және мазмұны жағынан заманауи болған, өзін айқын көрсете білген ерекше суретші. Молдакул Нарымбетов стильдердің эклектикасын пайдалана отырып, көбінесе халықтық сюжеттерді дәстүрлі мотивтерді заманауи кескіндеме, графика және тіпті көше өнері элементтерімен үйлестіре алды. Ол кескіндемелік туындыларды ғана емес, төменде көрсетілгендей керемет инсталляцияларды жасаған (фото №1). Бұл инсталляциялар қолданылған резеңке шиналардан жасалып, арт нысаны халық арасында сенсация тудырды.



Молдакул Нарымбетов, «Скарабей қоңызы» инсталляциясы (диаметрі 3,5 метр). 2011ж. Молдакул Нарымбетов скарабей қоңызы инсталляциясын жасағанда ежелгі грек мифологиясында кездесетін құрылысшы және Коринфтің патшасы Сизифпен салыстырады. Скарабей қоңызы да күнде осы шарды еңбектеніп айналдырып отырады. Бұл адам өміріндегі тынымсыз еңбекті ізденісті білдіреді. Адамзат өмір бойы осылайша еңбектеніп өтеді, өйткені өмір қажеттіліктері еңбекпен уақытты қажет екені дәріс барысында назар аударылды.

Сурет 2- Молдакул Нарымбетов, «Скарабей қоңызы»



Сурет 3 - Молдакул Нарымбетов, «Бал балдар» инсталляциясы 2012 ж.

«Бал балдар» атты инсталляцияда Молдакул Нарымбетов резеңкеден жасалған 100 дана бал бал тастарды қолданған. Бал бал тастардың бір бөлігі жылдар бойы құмтастың сынғыштығына байланысты шаңға айналып жойылды. Оларды қалпына келтіруге болады, бірақ әзірге Еуразиялық мәдени Альянс қоры әлі де жақсы жағдайда тұрған 50 мүсіннің бар екені көрсетті. Олардың аз бөлігі Еуропа мен Қазақстанның жеке топтамаларында орналасқан [6]. Бұл суретші барлық бал бал тастарды құмтас тастардан және қолданылған резеңкелерден жасап шығарған. Инсталляция осы екі материалды негізге ала отырып, жаңа туынды шығару екінің бірі қолынан келе бермейді. Осы инсталляциялар арқылы қазақ жеріндегі тарихымызды көрсеткісі келді, өйткені балбал тастар ежелгі мәдениеттің құнды ақпаратын беретін нысан. Молдакул Нарымбетов 100 бал бал тастарды жасағанда бір-біріне ұқсамайтындай әртүрлі пішін іздеген. Бал бал тастарды ежелгіден келе жатқан жауынгерлерге ұқсатып, тастардың басын құмтас тастардан қалған жері қолданылған резеңкеден шығарғандығы туралы сабақ барысында түсінік берілді.



Сурет 4- Тотан Күзембаев «Шошала» инсталляциясы 2017 ж.

Қазақстанда инсталляция бағытында жұмыс жасайтын Тотан Күзембаев сәулетші бар. 2017 жылдың жазында Нұржол бульварында 2 мың палеттен 10 күнде құрылым жиналады. Идея Ресейде тұратын, бірақ Қазақстаннан шыққан Тотан Күзембаевтың сәулет шеберханасында дүниеге келген. Сәулетші Тотан Күзембаевтың инсталляция бағытында жасалған шығармашылық туындысы «Шошала» деп аталады. АРХИWOOD атты ең үздік сәулеттік құрылысқа арналған жыл сайынғы бүкілресейлік премиясына «Кіші нысан» номинациясына да түсті [7]. Неге шошала нысанын жасаған өйткені оның бірнеше мыңжылдық тарихы бар және бұл экологиялық таза ағаштан жасалынған. Бұл қазақтың көшпенді халық болып, минималды заттарды қолданғанды білдіреді. Шошала нысаны

қазақ халқының көне баспанасы киіз үйге ұқсатып жасалды. Бұл дегеніміз шошала нысаны біздің киіз үйлерімізден бұрын пайда болған нысан екені сабақта анықтама берілді.



Сурет 5- Асхат Ахмедьяров, инсталляция «Тамыр жүйесі», 2017 ж.,
Ағаш тамырлары, металл, айна

Келесі суретші Асхат Ахмедьяров табиғи материалдарды қолданып инсталляциялар жасайды. Оның бір жұмысы туралы Aspan Gallery сайтында былай жазылды. А.Ахмедьяров өз шығармалары арқылы көрерменге үнемі өзгеріп отыратын әлемде туындайтын мәдени, әлеуметтік және саяси өмірдегі диссонансты көрсетеді. «Тамыр жүйесі», атты инсталляциясы ағаш тамырлары, металл, айнадан жасалынған [8]. Мұны суретші жартылай сфера түрінде көрсеткен, яғни жер анамызды бейнелегісі келді. Суретші туындыда ағаш тамырларын қолдана отырып, адамның түп тамыры табиғатпен байланысты екенін еш уақытта ұмытпау керек екенін автор білдіреді.

Заманауи өнерді дамытып келе жатқан Алматылық танымал суретшілерінің бірі Сауле Сулейменова. Өзінің шығармашылық жұмыстарында целлофан пакеттерді қолданды. Оның айтуынша, адамзаттың өмірі целлофан тәрізді болып кетті. Адамдар жерін мақтайды, бірақ көктемде даланың гүлденуін көруге келгенде жерде қоқыс болып жатқан тек пакеттер көрінеді. Қазақстанның өнертанушысы және журналисті Мария Жумагулова өзінің «Зар болды халқым: о чем говорят работы Сауле Сулейменовой» атты мақаласында оның шығармасының өзі революцияға дейінгі кезеңдегі қазақтардың өмірін баяндаудан бастау алатын тарихи ретроспективалық болып саналады. Оның ата-бабасының бастан кешкен тағдыры еліміздің тағдырымен тікелей байланысты. Сондықтан «Ашаршылық» (Голодомор),

Желтоқсан, Қаңтар оқиғалары оны бейжай қалдыра алмады [9]. Сауле Сулейменованың жұмыстары халықтың қиын қыстау мәселелерін суреттеді. Оның «Ашаршылық», «Желтоқсан Қазақ жастарының өрлеуі. Желтоқсан 1986 жыл» «Қазақтардың көшуі» атты жұмыстары кескіндеме, пакет технологиясын, және фотоартты қосып көрерменге сол халықтың басынан өткен әлеуметтік тақырыптарды қозғайды.



Сурет 6 – «Желтоқсан. Қазақ жастарының



Сурет 7- Қазақтардың
көшуі. өрлеуі. Желтоқсан 1986 жыл»

Қазақстанның заманауи бағытта жұмыс жасайтын суретшілері көбінде экология және қоршаған ортаны қорғау, қазіргі Қазақстанға әсер ететін әртүрлі мәдени әсерлердің қиылысын, отаршылдықты, жаһандануды және кеңестік мұраны сынап бейнелейді [10;52]. Қазақ суретшілері сан алуан мәселелерді қамтып, алуан түрлі тәсілдерді – тұлғаның ирониялық нұсқаларынан бастап өтіп жатқан және өткен уақытқа деген сағыныш рефлексиясына дейін көрсетеді. Олар «қоғамдық орындардан» оңай қашып, ұмытылмас дауыс ырғағымен айтатын заманауи өнердің өз мәселелерімен түпнұсқасын көрсетеді [11]. Қазақстанның қазіргі заманғы өнері суретшілер көркемдік тәжірибелер арқылы жүргізетін көптеген диалог түрінде қарастырылады. Мұнда әлемдік ағымдар контекстіндегі қазақстандық өнер тарихының, сондай-ақ жаһандану контекстіндегі қазақстандық қоғамның жағдайының рефлексиясы бар [12].

Энвайронмент тақырыбы бойынша суретшілер одағының мүшесі Калыков Алмас жұмыстары дәріс сабақта мәселе қарастырылды. Оның Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің С корпусында ағаштардан жасалған жұмыстары орналасты, осы шығармалар студенттерге экскурсияда апарып көрсетілді. Әр жұмыстың биіктігі әр түрлі 1,5 м бастап 2 м дейін жетеді.



Сурет 8- Калыков Алмас,
«Торсық» ағаш (энвайронмент)



Сурет 9- Калыков Алмас,
«Тұмар» ағаш (энвайронмент)



Сурет 10- Калыков Алмас,
«Қылқаламдар» ағаш (энвайронмент)



Сурет 11- Калыков Алмас,
«Домбыра» ағаш (энвайронмент)

Бұл жұмыстардың ерекшелігі суретші бір-біріне ұқсамайтын әрбір ағашқа әртүрлі образ берген. Энвайронментті ағаштың асты жағын тасқа ұқсатып ойып, үсті жағын ойып фон беруге тырысты. Ағаш энвайроменттер жан-жақта орналасқан өсімдіктермен керемет үйлесті. Суретші Калыков Алмас энвайроменттері ұлттық қазақ нақышта жасалды. Т. Мортонның пікірінше, «энвайронментализм - бұл адам мен оның қоршаған ортасының дағдарысына мәдени және саяси реакциялар сериясы» [13;64]. Бұл бағыттың өкілдері табиғаттан құрылған нысандарды – төбелер, көлдер, шөлдер, аңғарлар арқылы жасайды; бұдан да түсінікті және айқын ештеңе жоқ сияқты.

Элективті курстың үшінші блокта «Талдау жаттығулары» орындалды, инсталляция, перфоманс, энвайроменттің көркемдік өлшемдеріне талдау жасалды. Мұнда заманауи бейнелеу өнеріне жататын инсталляция, перфоманс, энвайроменттің композициялық шешімі, түстік шешімі, идеяны ашуы, орындау техникасына талдау жасалды.

Студент «А» әр заманауи бейнелеу өнерінің көркемдік өлшемдері бар, композициялық шешімі, түстік шешімі, идеяны ашуы, орындау техникасына бөлінеді. Инсталляция өз алдына мүсін секілді нысан. Оның композициясы кеңістікте орналасады және идеясы әртүрлі тақырыпта болуы мүмкін. Инсталляция көбінесе адамдарды таңқалдыруға жасалады. Орындау техникасы жағынан әр түрлі материалдардан орындалады. Перфоманстың

композициялық шешімі қимылмен немесе бимен көрсетеді. Перфоманстың түстік шешімі әртүрлі болуы мүмкін. Перфоманста идеяны ашу жағынан элеуметтік мәселелерді қозғайды. Орындау техникасы жағынан ол спектакль ретінде көрсетіледі. Энвайронмент композициялық шешімі статикалық әртүрлі болады. Түстік шешімі жағынан табиғи түстерден жасалады. Идея жағынан әртүрлі тақырыпта бола алады. Орындау техникасы жағынан энвайронмент табиғи метариалдардан орындалады деп жауап берді.

Студент «Б» инсталляцияның композициялық шешімі статикалық болып келеді. Оның идеясы әртүрлі болып, мүсін секілді жасалады. Инсталляцияның орындау техникасы метал, ағаш, пластик, мата және басқа да түрлі материалдардан жасалады. Перфоманстың композициялық шешімі іс-қимылмен немесе басқа да әрекеттермен көрсетіледі. Перфоманс спектакль секілді көрсетілетін өнер түрі. Перфоманстың идеясы әртүрлі өзекті тақырыпта бола алады. Орындау техникасы қойылым секілді өткізіледі. Ал түстік шешімі әртүрлі түсте жасалады. Энвайроменттің композициясы бір қалыпты статикалық нысан. Идеясы табиғи материалдармен өнер түрлерін жасап көрсету. Түстік шешімі жағынан табиғи түстер қолданылады. Орындау техникасы табиғат пен өнерді үйлестіреді деп жауап қайтарды.

Инсталляция, перфоманс, энвайроменттің айырмашылықтары мен көркемдік жаңашылдығы қарастырылды. Мұнда заманауи бейнелеу өнерінің трендтері бойынша бір-бірінен өзгешелігі және орындау техникасындағы айырмашылығымен жаңа әдістермен материалдар қолданғандығы қарастырылды. Оларға салыстырмалы талдау жасалды. Зерттеу нәтижелері өнер танымдық қолданысқа ендірілді. Білім алушының шығармашылық дамуының жетістігі көбінесе мұғалімнің дайындық деңгейімен анықталатыны анық, сондықтан университет мұғалімінің шығармашылық бағыты мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі туындайды. [14;150].

Қорытынды

Қазақстанның заманауи суретшілері өзінің шығармашылығындағы трендік бағыт инсталляция, перфоманс, энвайромент арқылы мазмұнын көрсетеді. Жоғары оқу орындарында көркем білім беру үдерісінде кез келген заманауи шығармашылық жұмыстарды талдау жасау үшін болашақ маманға ең бірінші ізденіс пен креативтілік керек, онсыз маман көркем туындыларды талдай алмайды. Заманауи туындыларды талдау жасау үшін де болашақ мамандарға кең ауқымды материалдарды қолданып, суретшілердің пікірлерімен және идеяларына сүйену қажет. Заманауи бейнелеу өнері - өнер түрінде өзгерудің шегі болмайды және бұл жыл өткен сайын жаңарып отыратын трендтен қалмайтын өнер түрі болып табылады. Сондықтан оқу мазмұнын жаңарту, жаңа білім мен дағдыларды элективті курсқа құрылымдау және біріктіру білім сапасын жақсартуға және түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді. Жоғары оқу орындарында заманауи бейнелеу өнерін талдауға болашақ мамандарды даярлаудың маңызы арта түседі.

ӘДЕБИЕТ

[1] Sheikh S. The roads of rage and ruin: contemporary art and its publics after the global //Journal of Aesthetics&Culture.–2021.–Т.13.–№.1.–С.2010335.- Access mode: URL: <https://doi.org/10.1080/20004214.2021.2010335> [Date of access 1.05.2024].

[2] Speiser V.,Art Encircles Life: Journeying With, In, and Through the Expressive Arts // Creative Arts in Education and Therapy (CAET). – 2024. – С. 156-174p. - Access mode: URL: DOI: 10.15212/CAET/2024/10/8 [Date of access 20.05.2024].

[3] Bogusławska M. Art as a Space for Practicing Localness:Contemporary Reframing of Naïve Art in Vojvodina (Kovačica) and in Silesia (Janów Group)// Narodna umjetnost. – 2019. – Т. 56. – №. 1. – С. 55-67p. - Access mode: URL: DOI: 10.15176/vol56no104 [Date of access 23.05.2024].

[4] Ибраева В. Постсоветское. Современное искусство Казахстана: фантомные боли семидесятилетия, [Электронный ресурс] Власть. 2025. – Режим доступа: URL: <https://vlast.kz/post-nachalo/20773-postsovetskoe-sovremennoe-iskusstvo-kazahstana-fantomnye-boli-semidesatiletia.html> [Дата обращения 27.05.2024].

[5] Громан М.Г., Ивчевич З.,Сильвия, Кауфман С.Б. Роль страсти и настойчивости в творчестве.// *Психология эстетики, творчества и искусств*, -2017. // (4), 376–385с. – Режим доступа: URL: <https://doi.org/10.1037/aca0000121> [Дата обращения 30.05.2024].

[6] Слудский В. Молдакул Нарымбетов «Я казах. Умирал я и Тысячу Раз Воскресал» или «100 Бал Балов» [Электронный ресурс] Портал Ариадна. 2021. – Режим доступа: URL: <https://ariadna.media/2021/02/12/moldakul-narymbetov-100-bal-balov/> [Дата обращения 5.06.2024].

[7] Ромашкина С. Объект из Астаны попал в лонг-лист премии АРХИWOOD 2018. [Электронный ресурс] Власть. – Режим доступа: URL: Объект из Астаны попал в лонг-лист премии АРХИWOOD - Аналитический интернет-журнал Власть (vlast.kz) [Дата обращения 10.06.2024].

[8] Ахмедьяров А. [Электронный ресурс] Пресс-служба: Aspan Gallery. // – Режим доступа: URL: Асхат Ахмедьяров — Aspan Gallery 2022. [Дата обращения 12.06.2024].

[9] Жумагулова М. Зар болды халқым: о чем говорят работы Сауле Сулейменовой [Электронный ресурс] // 2023. – Режим доступа: URL: Зар болды халқым: о чём говорят работы Сауле Сулейменовой | Art of Her [Дата обращения 15.06.2024].

[10] Мортон Т. Статья экологичным. [Электронный ресурс] Книга -М., Ад Маргинем Пресс, Музей современного искусства «Гараж», 2019. — 240 с. – Режим доступа: URL: <https://klex.ru/vi8> [Дата обращения 18.06.2024].

[11]Назанский В. «Евразия». Современное искусство Казахстана, [Электронный ресурс] музей современного искусства Эрарта. 2015.– Режим доступа:–URL: <https://www.erarta.com/ru/calendar/exhibitions/detail/707247f6-350e-11e5-98a1-8920284aa333/> [Дата обращения 25.06.2024].

[12] Шайгозова Ж.Н., Шайхиев Ы.Р., Бодан С.Б., Визуальное искусство Казахстана XXI в.: новые смыслы и новые культурные коды [Электронный ресурс] /TuranArt.kz Ұлттық көркемөнер ақпараттық порталы, 2021. – Режим доступа: –URL: <https://turan-kz.art/archives/3002> [Дата обращения 27.06.2024].

[13] Резникова Е.И. Интерпретация природного наследия в современном искусстве Казахстана, *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 7, No 3, 2022, с. 61–75с. DOI: 10.47940/cajas.v7i3.607 – Режим доступа: –URL: Просмотр «Интерпретация природного наследия в современном искусстве Казахстана» (cajas.kz) [Дата обращения 30.06.2024].

[14] Хоргасбай Е.Т., Карбаева Ш.Ш., Бейкитова А.Н., Казахбаева Д.М. Формирование творческой направленности педагога как основа реализации инноваций образовательного процесса/Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті ХАБАРШЫСЫ «Педагогика ғылымдары» сериясы №4 (71) 2023, -149-162с. – Режим доступа: URL: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.71.4.010> [Дата обращения 2.07.2024].

REFERENCES

[1] Sheikh, S. The roads of rage and ruin: contemporary art and its publics after the global. *Journal of Aesthetics & Culture*, 2021. 13(1), 2010335. - Access mode: –URL: <https://doi.org/10.1080/20004214.2021.2010335> [Date of access 1.05.2024].

[2] Speiser, V., & Speiser, P. Art Encircles Life: Journeying With, In, and Through the Expressive Arts. *Creative Arts in Education and Therapy (CAET)*, 2024. 156-174p. - Access mode: –URL: DOI: 10.15212/CAET/2024/10/8 [Date of access 20.05.2024].

[3] Bogusławska, M. Art as a Space for Practicing Localness: Contemporary Reframing of Naïve Art in Vojvodina (Kovačica) and in Silesia (Janów Group). *Narodna umjetnost*, 2019. 56(1), 55-67p. - Access mode: –URL: DOI: 10.15176/vol56no104 [Date of access 23.05.2024].

[4] Ibrayeva V. Postsovetskoye. Sovremennoye iskusstvo Kazakhstana: fantomnyye boli semidesyatiletia, (Post-Soviet. Contemporary art of Kazakhstan: phantom pains of seventy years) [Elektronnyj resurs]. Vlast'. 2025. – Rezhim dostupa: –URL: <https://vlast.kz/post-nachalo/20773-postsovetskoe-sovremennoe-iskusstvo-kazakhstana-fantomnye-boli-semidesatiletia.html> [Data obrashhenija 27.05.2024] [in Rus.]

[5] Groman M.G., Ivchevich Z., Sil'viya, Kaufman S.B. Rol' strasti i nastoychivosti v tvorchestve.// Psikhologiya estetiki, tvorchestva i iskusstv, 2017. 11 (4), 376–385s. – Rezhim dostupa: –URL: <https://doi.org/10.1037/aca0000121> [Data obrashhenija 30.05.2024] [in Rus.]

[6] Sludskiy V. Moldakul Narymbetov «YA kazakh. Umiral ya i Tysyachu Raz Voskresal» ili «100 Bal Balov» (Moldakul Narymbetov “I am a Kazakh. I Die and Resurrected a Thousand Times” or “100 Balls of Balls”) [Elektronnyj

resurs]. Portal Ariadna. 2021. –Rezhim dostupa:–URL: <https://ariadna.media/2021/02/12/moldakul-narymbetov-100-bal-balov/> [Data obrashheniya 5.06.2024] [in Rus.]

[7] Romashkina S. Ob'yektiz Astany popal v long-list premii ARKHIWOOD 2018. (An object from Astana was longlisted for the ARCHIWOOD 2018 award) [Jelektronnyj resurs] Vlast'. 2018. – Rezhim dostupa: URL: Объект из Астаны попал в лонг-лист премии АРХИWOOD - Аналитический интернет-журнал Власть (vlast.kz) [Data obrashheniya 10.06.2024] [in Rus.]

[8] Akhmed'yarov A. [Jelektronnyj resurs]. Press-sluzhba: Aspan Gallery. 2022. – Rezhim dostupa: URL: Асхат Ахмедьяров — Aspan Gallery [Data obrashheniya 12.06.2024] [in Rus.]

[9] Zhumagulova M. Zar boldy khalkym: o chem govoryat raboty Saule Suleymenovoy (Zar boldy halkym: what the works of Saule Suleimenova say) [Jelektronnyj resurs]. 2023. – Rezhim dostupa: URL: Зар болды халкым: о чём говорят работы Сауле Сулейменовой | Art of Her [Data obrashheniya 15.06.2024] [in Rus.]

[10] Morton T. Stat' ekologichnym. [Go green]. -M., Ad Kniga -M., Ad Marginem Press, Muzei sovremennogo iskusstva «Garazh», 2019. — 240 с. – Rezhim dostupa: –URL: <https://klex.ru/vi8> [Data obrashheniya 18.06.2024] [in Rus.]

[11] Nazanskiy V. «Yevraziya». Sovremennoye iskusstvo Kazakhstana, («Eurasia». Contemporary art of Kazakhstan) [Jelektronnyj resurs]. muzei sovremennogo iskusstva Erarta. 2015. – Rezhim dostupa: URL: <https://www.erarta.com/ru/calendar/exhibitions/detail/707247f6-350e-11e5-98a1-8920284aa333/> [Data obrashheniya 25.06.2024] [in Rus.]

[12] Shaygozova ZH.N., Shaykhiyev Y.R., Bodan S.B., Vizual'noye iskusstvo Kazakhstana XXI v.: novyye smysly i novyye kul'turnyye kody (Visual art of Kazakhstan of the 21st century: new meanings and new cultural codes) TuranArt.kz Ūlttyq k rkem ner aqparattyq portaly, [Jelektronnyj resurs]. 2021. – Rezhim dostupa: URL: <https://turan-kz.art/archives/3002> [Data obrashheniya 27.06.2024] [in Rus.]

[13] Reznikova Ye.I. Interpretatsiya prirodnogo naslediya v sovremennom iskusstve Kazakhstana. (Interpretation of natural heritage in contemporary art of Kazakhstan). *Central Asian Journal of Art Studies*, т. 7, No 3, с. 2022. 61–75s. DOI: 10.47940/cajas.v7i3.607 – Rezhim dostupa: URL: Просмотр «Интерпретация природного наследия в современном искусстве Казахстана» (cajas.kz) [Data obrashheniya 30.06.2024] [in Rus.]

[14] Khorgasbay Ye.T., Karbayeva SH.SH., Beykitova A.N., Kazakhbayeva D.M. Formirovaniye tvorcheskoy napravlenosti pedagoga kak osnova realizatsii innovatsiy obrazovatel'nogo protsessa (Formation of a teacher's creative orientation as a basis for implementing innovations in the educational process) Abılay xan atındaǵı Qazaq xalıqaralıq qatınastar jáne álem tilderi wñiversiteti XABARŞISI «Ğılımdarı pedagogıkası» seriyası №4 (71) 2023, -149-162s. – Rezhim dostupa: URL: <https://doi.org/10.48371/PEDS.2023.71.4.010> [Data obrashheniya 2.07.2024] [in Rus.]

ПРОИЗВЕДЕНИЯ В СОВРЕМЕННОМ ТРЕНДОВОМ НАПРАВЛЕНИИ В ПРОЦЕССЕ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

*Рустемова С.И.¹, Ералин К.Е.², Небесаева Ж.О.³

*^{1,2,3} Южно-Казахстанский педагогический университет
имени Өзбекәлі Жәнібекова

Аннотация. В статье представлены художественные анализы произведений и техник художников из Казахстана которые занимаются современным искусством. Показаны и проанализированы современные трендовые направления искусства инсталляция, перформанс, энвайронмент их отличия и новаторства. Целью исследования выявить способы познакомить будущих специалистов изобразительного искусства с художниками работающими в новом трендовом направлении, познать их творчество как образовательный контент. В статье методы исследования: анализ современных трендовых направлений; выявлены особенности, новшества и различия инсталляции, перформанса, энвайронмента; новые направления были проанализированы и классифицированы как образовательный контент. По программе элективного курса под названием «Современное искусство» созданы темы по художественному анализу перформанса, инсталляции и энвайронмента. Программа состоит из трех блоков. В рамках программы студентам задавались вопросы и выполнены «Упражнения по анализу». Были рассмотрены творческие работы художников работающих в направлении современного изобразительного искусства. У каждого художника по изобразительному искусству обоснован свой стиль и направление. Новые тренды художника в изобразительном искусстве познается своей росписью и инструментом передачи идей. Сделан художественный анализ на развитие современного изобразительного искусства и его видов инсталляции, перформанса, и энвайронмента. Особенность упомянутого современного изобразительного искусства, в том что оно не выбирает материал и технику. Рассмотрен характер художников из Казахстана выбирающих путь современного искусства которые участвуют в выставках Республиканского и Международного уровня. Инновации современного искусства показало что оно способно смело раскрывать проблемы мирового уровня, раскрыло возможности воздействия на человека не только зрительно, но и слухом и памятью.

Ключевые слова: современные трендовые направления, современное изобразительное искусство, инсталляция, перформанс, энвайронмент, художественное образование, художественный анализ, художественный процесс

WORKS IN MODERN TRENDS IN THE PROCESS OF ART EDUCATION

*Rustemova S.I.¹, Yeralin K.E.², Nebessayeva Zh.O.³

*^{1,2,3} South Kazakhstan Pedagogical University named after Ozbekali
Zhanibekov, Shymkent, Kazakhstan

Abstract. The article presents artistic analyses of the works and techniques of artists from Kazakhstan who are engaged in contemporary art. The modern trending art trends installation, performance, environment, their differences and innovations are shown and analyzed. The purpose of the research is to identify ways to introduce future fine art professionals to artists working in a new trend direction, to get to know their work as educational content. In the article, research methods: analysis of modern trend trends; The features, innovations and differences of installation, performance, and environment were revealed; new directions were analyzed and classified as educational content. According to the program of the elective course called “Contemporary Art”, the theme of artistic analysis of performance, installation and environment was created. The program consists of three blocks. As part of the program, students were asked questions and performed “Analysis Exercises.” The creative works of artists working in the field of modern fine art were reviewed. Each visual artist has his own style and direction. The artist’s new trends in fine art are recognized by his painting and a tool for conveying ideas. An artistic analysis is made on the development of modern visual art and its types of installation, performance, and environment. The peculiarity of the mentioned modern fine art is that it does not choose the material and technique. The article examines the nature of artists from Kazakhstan who choose the path of contemporary art and participate in exhibitions at the National and International levels. The innovations of modern art have shown that it is able to boldly reveal world-class problems, revealed the possibilities of influencing a person not only visually, but also with hearing and memory.

Key words: modern trend directions, contemporary fine art, installation, performance, environment, art education, artistic analysis, artistic process

Авторлар туралы мәлімет:

Рустемова Салтанат Исмаиловна – Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің докторанты, e-mail: rustemova.saltanat@okmpu.kz

Ералин Қуандық Ералыұлы – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, e-mail: Kuandikbey@mail.ru

Небесаева Жанар Орынбековна – философия докторы PhD, доцент м.а. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті e-mail: nebessayeva.zhanar@okmpu.kz

Информация об авторах:

Рустимова Салтанат Исмаиловна – докторант Южно-Казахстанского педагогического университета имени Өзбекәлі Жәнібекова, e-mail: rustemova.saltanat@okmpu.kz

Ералин Қуандық Ералыұлы – доктор педагогических наук, профессор, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібекова, e-mail: Kuandikbey@mail.ru

Небесаева Жанар Орынбековна – доктор философии PhD, и.о.доцент, Южно-Казахстанский педагогический университет имени Өзбекәлі Жәнібекова, e-mail: nebessayeva.zhanar@okmpu.kz

Information about authors:

Rustemova Saltanat Ismailovna - doctoral student, South Kazakhstan pedagogical university named after Ozbekali Zhanibekov, e-mail: rustemova.saltanat@okmpu.kz

Yeralin Kuandik Yeralyuly- doctor of pedagogical sciences, professor, South Kazakhstan pedagogical university named after Ozbekali Zhanibekov, e-mail: Kuandikbey@mail.ru

Nebessayeva Zhanar Orynbekovna- doctor of philosophy PhD, acting assistant professor, South Kazakhstan pedagogical university named after Ozbekali Zhanibekov, e-mail: nebessayeva.zhanar@okmpu.kz

Мақала түсті: 25 қыркүйек 2024